



АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша ата-аналардың және балалардың өзге де заңды өкілдерінің құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Орталықтың мақсаты:

мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге жағдай жасау, сондай-ақ ата-аналарда жағымды тәрбие мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттіліктерін дамыту үшін жүйелі педагогикалық қолдау ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ынтымақтастығын нығайту;
3. ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы жауапкершілігін арттыру.

Орталық қызметінің қағидаттары:

- ұлттық мәдениетке, құндылықтар мен дәстүрлерге сүйену;
- гуманистік бағыттылық;
- ата-аналарды ағарту барысында саралау және даралау;
- заманауи ғылым мен тәжірибе жетістіктерін пайдалану;
- кең әлеуметтік әріптестік, білікті сарапшылар мен ресурстық ұйымдарды тарту.

Ата-аналарды тәрбиелеу мен дамытуда педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәртібі

Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметі (бұдан әрі – Орталық) төмендегі тәртіппен жүзеге асырылады:

1. мектепке дейінгі ұйым басшысының ата-аналарды тәрбиелеу мен дамытуда педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы бұйрық шығаруы;
2. Орталық қызметін әдіскер ұйымдастырады, ол:
 - бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың жаңа формаларын, балабақша мен отбасының толыққанды өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
 - мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекетін жүзеге асыру бойынша тәрбиешілердің, педагог-психологтың, қосымша білім беру педагогтарының қызметін жоспарлайды және бақылайды;

- ата-аналарды педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын педагогтарды оқытуды ұйымдастырады;
- Орталықтың жұмыс жоспарын жасайды;
- оқу жылына арналған ұсынылатын бағдарламаға сәйкес сабақ кестесін құрастырады;
- педагогтармен бірлесіп ата-аналарға арналған сабақтарды әзірлейді.

Ата-аналарға арналған сабақтар онлайн және офлайн форматта, әртүрлі нысандарда өткізілуі мүмкін (семинар-практикумдар, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, форумдар, ата-аналар мен балалардың қатысуымен өтетін шығармашылық, спорттық, мәдени іс-шаралар: марафондар, жәрмеңкелер, көрмелер, концерттер, театрландырылған қойылымдар, жорықтар, экскурсиялар, акциялар және т.б.), сондай-ақ цифрлық ресурстарды қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Педагог-психологтың міндеттері:

1. сауалнама, сұхбат немесе сұрау жүргізу арқылы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауға деген қажеттіліктерін анықтайды;
2. ата-аналарды педагогикалық қолдау туралы ақпараттандырады, сабақтарға қатысушылар тізімін жасайды;
3. ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың мониторингін жүзеге асырады;
4. жылына бір рет ата-аналардың педагогикалық қолдауға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізеді.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының міндеттері:

1. ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметін үйлестіру;
2. Орталық қызметін ұйымдастыруға жауапты маманды айқындау;
3. атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты Астана қаласының Білім басқармасына ұсыну;
4. ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялау.

Мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурстарында

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бөлімінде келесі ақпарат орналастырылады:

1. Орталықтың ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіп жатқан жұмысы туралы ақпарат;
2. сабақтар кестесі;
3. ата-аналарға көмек ретінде әдістемелік материалдар;
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» цифрлық платформасына сілтеме.